

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Кәкен ҚАМЗИН, филология ғылымдарының докторы, профессор:

Көркем тіл компьютерлік технологияға есе жібере қоймас

– Кәкен аға, жалпы журналистиканың атқаратын қызметі мен міндеті туралы сіз біркатар ғылыми еңбек, монография жаздыңыз, ал соның ішінде бүгінгі заманауи журналистикада айрықша байқалып отырған екі міндетін алапөтен атап айту керек сияқты: бірі – қоғамды ақпараттандыру болса, бірі – қоғамдық пікір қалыптастыру. Бірақ осынашама ақпараттық тасқынның арасынан шындықты тану күннен-күнге қиындап барады, оқырманға маман ретінде өз кеңесіңізді айтыңызшы: саналы ақпаратты қалай ажыратамыз?

– Журналистиканың бұрынғы да, қазіргі де, өзіңіз айтқандай, заманалы сипаты табиғат, жаратылыс құбылысымен қабысып, үйлесім тауып жатыр. Расында да, оның қызметін қоршаған әлемді тану, сараптау, фактіні ақпаратқа айналдыру қабілетіне қарап, ақпараттық, насихаттық, ағартушылық, реттемелік, гедонистік-көңіл көтерушілік деп тізбектей беруге болады. Оны кәсіп ретінде айықтай түсетін алуан қыры уақыт пен кеңістік ауқымында белденеді. Алайда осынашама функцияның арасынан екеуі ерекше дараланып көрсенді, ол – онлайн басылымдардағы ағартушылық миссия және радио мен телевизиядағы көңіл көтерушілік бағыт. Ақпараттандыру жалаң дерекке ғана арқа сүйеп, аудиторияға әрсіз күйін де жол тартса, ол жұртшылықтың көкейіне қонбайды, санасына сіңбейді. Қазіргі әлемдік медиа-өндірісте ақпарат тауарға, тауар болғанда, көз тартатын, мемұндайлайтын бұйымға айналды. Журналист образды ойлауға ден қоя бастады. Дәмі тіл үйретін қондырғылар тәттінің, хош иісі бойынды бақтып өтер әтірдің дизайнын көз алдыңызға елестетіңізші. Ол бір жағынан – ақпарат, екінші жағынан – жарнама. Әнекей, дерек пен оқиғаның үстіне ілгені, дресс коды да осылайша өз бойына жарасып тұрғаны жөн. Міне, «мен әдемімін, көріндер, алындар» деген ақпарат қана оқырманды елең еткізеді, көрерменнің назарын аударады. Ел сатып алады. Басқаның қолында жоқ эксклюзив тауар дегеніңіз, міне, осы. Мен шетелдерге, әсіресе Еуропа елдеріне жиі сапар шектім. Мерзімді басылымдарының, радио-теле-визиясының контенттеріне, мазмұндық-пішіндік әдістеріне алдымен назар аудару кәсіби дағдыма айналды. Байқағаным, олар ақпаратты дәл осы сипатта ұсынады. Көркем, образ, келбет пен сымбат. Жұтынып тұрады. Ал «белен жерде осындай шара өтті» деген құрғақ хабардан келіп-кетер дөңене жоқ, санаңда із қалдырмай өте шығады. Жалаң ақпаратты қалай көркемдеуге болады? Әрине ең бірінші тілдің қызметіне жүгінесіз. Одан өзге дыбыс, бейне құралдары да журналист ақпараттың жасандылығына қызмет ететін құралдар. Тегінде адам табиғатының өзі сұлулықты ұнатады, көркемдікке ұмтылып тұрады, жаратылыс заңы солай. Ең бастысы, ақпарат тасқынының басы-қасында отырған журналистика ғылымы мен практикасы ағын су секілді өзін-өзі тазалап отырады. Басқа пән, басқа мамандықпен салыстырғанда, журналистиканың бәсі дәл осы жағынан жоғары.

– Көңіл көтерушілік бағыт ақпаратта не міндетін алапөтен атап айту керек сияқты: бірі – қоғамды ақпараттандыру болса, бірі – қоғамдық пікір қалыптастыру. Бірақ осынашама ақпараттық тасқынның арасынан шындықты тану күннен-күнге қиындап барады, оқырманға маман ретінде өз кеңесіңізді айтыңызшы: саналы ақпаратты қалай ажыратамыз?

– Журналистиканың бұрынғы да, қазіргі де, өзіңіз айтқандай, заманалы сипаты табиғат, жаратылыс құбылысымен қабысып, үйлесім тауып жатыр. Расында да, оның қызметін қоршаған әлемді тану, сараптау, фактіні ақпаратқа айналдыру қабілетіне қарап, ақпараттық, насихаттық, ағартушылық, реттемелік, гедонистік-көңіл көтерушілік деп тізбектей беруге болады. Оны кәсіп ретінде айықтай түсетін алуан қыры уақыт пен кеңістік ауқымында белденеді. Алайда осынашама функцияның арасынан екеуі ерекше дараланып көрсенді, ол – онлайн басылымдардағы ағартушылық миссия және радио мен телевизиядағы көңіл көтерушілік бағыт. Ақпараттандыру жалаң дерекке ғана арқа сүйеп, аудиторияға әрсіз күйін де жол тартса, ол жұртшылықтың көкейіне қонбайды, санасына сіңбейді. Қазіргі әлемдік медиа-өндірісте ақпарат тауарға, тауар болғанда, көз тартатын, мемұндайлайтын бұйымға айналды. Журналист образды ойлауға ден қоя бастады. Дәмі тіл үйретін қондырғылар тәттінің, хош иісі бойынды бақтып өтер әтірдің дизайнын көз алдыңызға елестетіңізші. Ол бір жағынан – ақпарат, екінші жағынан – жарнама. Әнекей, дерек пен оқиғаның үстіне ілгені, дресс коды да осылайша өз бойына жарасып тұрғаны жөн. Міне, «мен әдемімін, көріндер, алындар» деген ақпарат қана оқырманды елең еткізеді, көрерменнің назарын аударады. Ел сатып алады. Басқаның қолында жоқ эксклюзив тауар дегеніңіз, міне, осы. Мен шетелдерге, әсіресе Еуропа елдеріне жиі сапар шектім. Мерзімді басылымдарының, радио-теле-визиясының контенттеріне, мазмұндық-пішіндік әдістеріне алдымен назар аудару кәсіби дағдыма айналды. Байқағаным, олар ақпаратты дәл осы сипатта ұсынады. Көркем, образ, келбет пен сымбат. Жұтынып тұрады. Ал «белен жерде осындай шара өтті» деген құрғақ хабардан келіп-кетер дөңене жоқ, санаңда із қалдырмай өте шығады. Жалаң ақпаратты қалай көркемдеуге болады? Әрине ең бірінші тілдің қызметіне жүгінесіз. Одан өзге дыбыс, бейне құралдары да журналист ақпараттың жасандылығына қызмет ететін құралдар. Тегінде адам табиғатының өзі сұлулықты ұнатады, көркемдікке ұмтылып тұрады, жаратылыс заңы солай. Ең бастысы, ақпарат тасқынының басы-қасында отырған журналистика ғылымы мен практикасы ағын су секілді өзін-өзі тазалап отырады. Басқа пән, басқа мамандықпен салыстырғанда, журналистиканың бәсі дәл осы жағынан жоғары.

– Қалай айтсақ та, казак журналистикасы әдеби, көркем тілге, өткірлікке, тапқырлыққа негізделі қалыптасты. Мұны бүгінде саналы түрде теріске шығарып, журналистика тілін жұтандыққа қарай бастап бара жатқандардың қатары мольғып келеді. Бұл мәселеге қалай қарайсыз?

– Бүгінгі журналистика тілінің қасаң тартып бара жатқанын қанша жылдан бері айтып та, жазып та, мәселе етіп көтеріп те келе жатырмыз. Бірақ оны түзетуге шамамыз жеткізмей тұр.

Неге? Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, ауылдағы мектептерде әдебиет пәні бұрынғыдай оқытылмайды. Баяғы бізді әлдилеген әжелер мен көкірегі жыр-дастан қарттар қазір жоқ. Дәл осы жерде жаратылыс сырын талқылаған алты еврей туралы бір тәмсіл айтайын. Мұса-Моисей: «бәрі ана жақтан», – депті сұқ саусағын зенгір көкке шапшып. Сулеймен-Соломон: «бәрі мынадан басталады», – деген екен алақанымен маңдайын сипап. Содан кейін АЙСА-Иисус: «Жоқ, бәрінің кілті мына жерде», – депті алақанымен жүрек тұсын басып. Маркелі де: «жоқ, сендердің бәрің де қателесесіңдер, бәрін билейтін мынау», – дейді қарнын шартылдатып. Мұндайда Фрөйд қарап қала ма: «бүкіл адамзаттың түпкі мұраты біреу ғана», – дейді кіндіктен төмендеуді барлап. Сонында Эйнштейн тұрып айтқан екен: «бәріңдікі қате, себебі бәрі де салыстырмалы». Алты еврейдің айтқанына менің қосарым, бүгінде бәрі компьютерге тәуелді. Аузыңа салсаң, бал таптың, буын-буыныңды бойлап, шымырлатып ап кетер байырғы көркем тіл әлеуметтік желінің қарадүрсін лепесімен тайталаса алмай, тасада қалып кете ме деп қорқамын. Талай жылдардан бері оқытушы болып келемін, аудиторияда отырған шәкірттеріме пікір алысқан, эстетикалық жағалауларға Солтүстік Мұзды мұхиттай тосырмай қарайды.

– Журналистика факультетінде бүгінде кімдер оқып жүр? Ілгеріректе факультет ішіндегі «фольклор» бойынша «журфактың І-курсына 49 ақын мен бір журналист келіп түсіп, сонында 49 журналист, 1 ақын бітіріп шығады» дейтін статистикасы сақталған ба?

– Ол Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» эссесінің жаңғырығы ғой. Күні кешеге дейін жұрфакка, негізінен, ішкі дайындығы мол, жазу-сызудың жайын білетін талантты, ынталы балалар түсетін. Ал қазір жағдай біршама өзгерді. Талант пен дарын – басты өлшем емес. Ортау балл жина, ақысын төле – оқи бер. «Қабілетің жоқ» деп айтуға хақың жоқ, шығарып жібере алмайсың, ол әрекетің заңға томпақ. Өл, тіріл – бітіріп шығар. Талант пен демократия арасындағы қайшылық дегеніміз, міне, осы. Ертен өндіріске барғанда редакциядағылар «Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің журналистика факультетін бітірген түлектің түрін қара» демей ме деп қатты қиналамын. Сондықтан еркін ойлауды, жазу мен сызуды, енді қайтейік, әліпбилік деңгейден өрбітуге тура келеді. Мерзімді баспасөзде шыққан жарияланымдарын том-том етіп көтеріп келген кешегі абируриенттерді, қазіргі журналистика мектебі шеберлерін үлгі етеміз, сөз өнеріне ықыласын оятуға тырысамыз. Менің қағдам, елу студенттің ішінен он бала жарып шығып, танымал журналист атанса, міндетіңізді орындағаны. Қабілетті, талантты студенттер жоқ емес, бар. Бойынан ұшығын да, жалынын да байқаймыз, ал есті балалар соларға ілесіп, біртіндеп өздері де бой түзей бастайды.

– Газет-журнал біткенің бәрі интернет сайттардың жеміне айнады. Жылт еткен жақсы дүние шыкса, жалмажан жағалата көшіріп басуды қалыпта дағдыға айналдырды. Байқайсыз ба, материалдың бірегейлік қасиеті жоғалып барады. Жоғарыда айтқанымыздай, эксклюзив тауар жоққа тән, не істемек керек?

– Тағы да айтуға тура келеді, бұл жерде бәрін талант шешеді. Талант табиғатта сирек кездесетін металл іспеттес. Есті қоғамда мейндрмент пен бизнес талантқа табынады. Арғы жағына бармай-ақ, осыдан 20-25 жыл бұрынғы газет-журналдарда істеген мықты журналистердің ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасын



мен әлі ұмыта қойғам жоқ. Сол жылдардағы материалдың соңындағы журналистің аты-жөнін алақанымен басып тұрып, басынан аяғына дейін оқып шықсаң, авторының кім екенін айна-қатесіз тани кететін едік. Міне, бұл – бірегейлік. Бұл – қолтаңба. Ал бүгінгі журналистердің жазғанында даралық байқалмайды, бәрі деңгейлес. Бір қолдан шыққандай ұқсас. Осы жерде тағы бір мәселені шеті қылтыяды, кезінде журналистер іссапарға, жолсапарға жиі шығып, елді мекендер мен өндіріс орындарын аралаудан қолы босамайтын. Ал қазір журналист салқын кабинетте отырып алып компьютер ішіндегі ақпараттың оқиғаны жосылып шығады. Бұған мен «офистік журналистика» деп ат қойғанмын. Қазақ журналистикасының түбіне осы жете ме деп қауіп қыламын. Қазақта тура журналистерге арнап айтылғандай: «жүргенге жөргем ілінеді» деген мәтел бар. Журналисте ең керек қағида осы – омылып отырмау керек, көзімен көру керек, сезіну керек. Бүгінгі басылымдарда, радио-телевизияда істеп жүрген журналистердің көпшілігі өзімің шәкірттім. Оларды сынағаным, әрине өзімді де аямағаным. Олардың міні – менің де мінім.

Содан кейінгі сордың бірі – студенттердің I-курста аудандық басылымдардан тәжірибеден өтуі сиреген. Қағаз форматты басылым стиль қалыптастырады. Газет шығаруды күрделі жұмыс екенін, тапсырма алып, оны зерттеп, орындаудан бастап, беттеліп-қатталып, қол қойылып, өндіріске жіберілгенге дейінгі үдерісті көзімен көрмейді. Тәжірибе шикікке студентті жылдам ширатады. Редакциядағы сарт-сұрт жұмысы көрсө, өзі үшін жауапты шешімді де жылдам қабылдар еді: өзін де, үйдігі ата-анасын да, ұстаздарды да қинамай әрі қарай газетте істеуді не мақсат етеді немесе күн жарықта басқа салаға ауысады. 2-курста облыстық, ал жоғары курстарда республикалық басылымдарға баруды саты-сатымен жүзеге асыру дағдысы толықтай тоқтағандықтан, болашақ журналистердің дағдарысы да ерте басталып кеткендей. Олар бүгінде көбіне сайттарды жағалайды немесе телевизияны төңіректің. Әркімнің көңілі жоғары ғой, көкіректің жоғарыда болғаны жақсы шығар, бірақ төменнен бастап, сатылап дамығанды дұрыс деп ойлаймын. Бізге осы жетіспейді.

– Жаңалыққа ешкімнің монополиясы жүрмейді, ол – ортақ. Бірақ оны таратуда сайттардан да бұрын әлеуметтік желілер алға шығып кетті. Өзін өзі журналиспен деп жариялаған блогерлер қазір өте

көп. Бұдан журналистиканың кәсіби маньзылығы арта ме, әлде төмендей ме?

– Мысалы, Арыстағы апараты тілге тиік етейік. Ақпарат ең алдымен әлеуметтік желіде бүрк ете қалды. Кәсіби журналистің ерекшелігі де, артықшылығы да мұндай оқиғаны міндетті түрде көзі жетіп, тексеріп барып, жариялайды. Арғы жағына үңіліп, ой елегінен, сана сүзгісінен өткізіп барып таратады. Зиянды жағын тағы ойлайды. Ал блогерлер, қалтасына смартфон салған кез келген серке адам бұлай талдап-маразылай алмайды, салмағы мен маңызын сараптап жатпастан, әлеуметтік желіге лақтыра береді. Біреулер бұған тіпті «халықтық журналистика» деп ат қойып, айдар тағып жүр. Бірақ мұның журналистикаға үш қайнасы сорпасы қосылмайды. Ақпарат таратудағы ең басты шарт – сауаттылық. Қай жағынан да. Бәрін басып озып, бірінші болып тарату жақсы шығар, бірақ бұған қоса жауапкершілік деген дүние бар емес пе? Менің ойымша, ең алдымен кәсібилікке арқа сүйеу керек. Фактчекинг – ақпараттың рас-өтірігін тексеріп алу өте маңызды. Тіпті сұхбат беріп отырған лауазымды адамның айтқанын да тексеріп алған артық емес. Себебі бұл да халыққа дұрыс ақпарат таратудағы басты амалдардың бірі.

– Кәкен аға, 70 жасқа келіп отырсыз, қутықтауымызды қабыл алыңыз. Өзіңіз қатарластардың ішінде әлеуметтік желінің тілін ертерек меңгеріп алып, пост жариялап, ерінбей-жалықпай пікір жазатыныңызға қызғың қараймыз. Әлеуметтік желі уақытыңызды ұрламай ма?

– Көп рахмет. Ғылымда «жазеттілік теориясы» деген қызың бар. Авторы – Американың атакты әлеуметтанушы-психологы Абрахам Маслоу. Ол кісінің айтуынша, әлеумет, адам, табиғаттан, өмірден, қоршаған ортасынан өзіне қажетін ғана алады. Бұл әлбетте, қайтарымды үдеріс. Әлеуметтік желінің тұтынушысына айналғаныма бір-шама жыл болды, ол маған керек, себебі мен жастармен жұмыс істеймін. Олар не ойлайды, неге қызығады, не туралы айтады, нені мұрат тұтады? Егер сен олардан бір табан ілгері, оқ бойы озық тұрмасаң, сен оларға сеніңді өткізе аласың ба? Тағылым алсын деп әріден, руна жазбаларынан, әл-Фараби мұраларынан, тарихтан жол бастайсың. Өткенді білсін дейсің. Өткен мен бүгіннің ішкі бірлігін, тұтастығын жоққа шығара алмаспақ керек. Сол ұлттық негіздерге табан тірей жаңашылдыққа ұмтылып тұрған жастың құлшынысын, қызығушылығын барынша қолдауымыз керек. Міне, осындайды ойлаған адамға қазіргі кезеңнің

лебін де ескеріп, шексіз-шетсіз ақпараттық кеңістікке айналып кеткен әлеуметтік желінің тілін үйренгеннің еш зияны жоқ.

– Оқырманның негізгі бөлігі қарапайым ауыл адамдары екенін ешкім жоққа шығармайды. Ауылға барсаң «оны газет жазды ғой, өтірік болса, неге жазады, тасқа басылған сөздің өтірігі болуы ма еді» деп отырады. Газетке деген осы сенімді сақтап қала аламыз ба?

– Бұл әр басылымның атқаратын қызметіне, қандай мүддені көздеп, кімдердің сөзін сөйлейтініне байланысты бола. Бізде бүкіл Қазақстан аумағында әлеуметтік мәселелерді зерттейтін бірде-бір ғылыми-зерттеу институты жоқ. Сондықтан «қай жерде, кімнің, қандай пікірі бар» деп тап басып айта алмаймыз. Тек қана тұспалдаймыз. Мәселен, жекеменшік газеттердің саны жағынан ең көп тіркелген өңір – Түркістан облысы. «Осы газет туралы пікіріңіз қалай?», «Мына басылымға жазылуыңыздың себебі не?», «Қандай тақырыптағы материалдарға көңіл аударасыз?» деген сұрақтар төңірегінде әлеуметтік сауалдама жүргізілмейді. Әлеуметтік сауалдама жүйелі жүргізіліп, әділ нәтижесі шығарылып отырса ғана ғылыми негізделген оқырға қарина пайда болады. Расында да, осы уақытқа дейін баспасөздің пікіріне оқырман құрметпен қараса, ресми мекемелердің де өз жауапкершілігі болатын. Өйткені басылымның өзі де, онда қызмет істейтін тілшілер де мінсіз саналатын. Солай болатын да. Тілшінің оқырман алдындағы ішкі жауапкершілігі, ішкі мәдениеті мықты еді. Жау қуып келе жатқандай, аттың жалы, түйенің қомында отырып материал жазу дегенді мүлде естемедік, «тақыр жерде табанның тайып кетпесін» деп бір жазғанын он қайтара оқып, ақиқатын әбден тексеріп, көзі жеткен шындықты ғана көпшілікке ұсынатын. Ал қазір қаласа қателесе де салады, қаласа кешірім де сұрай салады. Жауапкершілік ұмытылған. Бәріннің құны төмендеген. Осыған қынжыласың.

– Қазақ баспасөзі кеңістігінде ең мықты газет үлгісін жасай алды деп қандай ба редакторларды атаған болар едіңіз? Мәселен, «Шерхан Мұртаза» тұсындағы «Социалистік Қазақстан», «Сейдахмет Бердіқұловтың кезіндегі «Лениншіл жас», Жарылың Байсейіттың шығарған «Ана тілі» оқылымды болатын деген лебіздерді жиі құлағмыз шалады. Бұл қатарға сіз кімді қосасыз?

– Төртінші редактор ретінде ғылыми-танымдық журналистиканы ілгерілеткен Камал Смайыловты атар едім. Академиялық стильде жазылатын қызықты материалдардан өзіміз үшін қайтсек те бір құнды нәрсе табатын сол тұстағы «Білім және еңбек», кейінгі «Зерде» журналы ғылым тілін қазақшалаудың ғажап үлгісін көрсетті. Бірақ қайда жүрсем де, Шерхан ағамның атын асқақтатудан жаңылған емеспін. «Ана тілі» тек тілдің мәселесін ғана қозғаған жоқ, Жарылың редакторлық шеберлігінің арқасында бүкіл ұлттың мәселесі тұңғыш рет қоғам бетіне қалқып шықты және өте өткір айтылды. Өткен, дәл сол дәуірлеген уақыттың қайта айналып келмейтіні өкінішті. Бұлардың барлығы – иліп-бүгілуді білмеген тұлғалар. «Алай жүр, бұлай жүр» деген нұсқау бұл кісілерге жүрмейді. Басылымның мінезі бас редактордың мінезімен үндес келетінін осы мысалдардан байқадық. Біздің бүгінгі қоғамымызда «атың шықпаса, жер өртең» керін келтіріп, «айрықша» жолмен адам назарын өзіне аударғысы келетіндер алмастыра бастады. Бірақ журналист үшін басты өлшем – айқын ұстаным (принцип) болуы керек. Журналистика шенеуніктердің

қолына су құятын даяшыға айналмауы керек.

– Несін жасырайық, бүгінгі журналистік кәсіпке бәрі тән: оған қысым да көрсетіледі, ол қолшоқпар да болады, тасырыс та орындайды. Осының арасында жүріп журналист жеке басының намысы мен кәсіпке адалдығын қайтсе сақтап қала алады?

– Жалпы, міндеті айқын болғанымен, мәртебесі айқындалмаған, шығармашылық әлеуеті зор болса да, әлеуметтік жағынан қорғалмаған журналисте бүгінгі кезең оңай тиіп отырған жоқ. Жас әріптестеріміздің көпшілігі пәтерден-пәтерге көшіп, жалақысы төмен орындарда жұмыс істеп, еті тірілерінің аударма жасап, сценарий жазып, асаба болып, «жанбыр-жанбырды» арасымен жан бағуға мәжбүр екенін жасыра алмаймыз. Журналист мәртебесінің анықталмағаны, әкімшілік, банк жүйелерінде олар үшін жеңілдіктер қарастырылмағаны қанша жылдардан бері үздіксіз айтылып, мәселе болып көтеріліп келеді, бірақ бір шешімінің табылмай келе жатқаны әріптестеріміздің иінін баса береді. Оның да отбасы, бала-шағасы бар. Шетелдегі әріптестері сияқты жоғары жалақы алып тұрса, сондай мөлшердегі қоры болса, құқығы сондай деңгейде қорғалса, журналист біреудің қолшоқпары болмас еді. Өйткені басқа ешбір кәсіпке халық журналисте назар аударғандай назар аудармайды. Көпшілік журналистерге сенеді. Сондықтан журналистердің жақысы халықаралық деңгейдегі айлыққа жеткізу керек. Журналистиканың басты кейіпкері – шындық. Журналистің табынатын тәңірі шындық болса ғана ешкімге бас иемейді.

– Сіздің қос қанатыңыздың бірі – журналистика болса, бірі – әдебиет. Журналистиканың тілі бөлек қой, әдеби шығарма жазуға отырғанда кедергісін келтірмей ме?

– Әкем жылқышы еді. Бесіктен белім шыға сала бармақтай күнімінен ашамайға мініп өскен қазақпын. Сәл өскеннен кейін өздігімінен ат жылан тартып мінуге жарадым. Тізімнің екі ұшы бар. Мен үшін журналистика мен әдебиет – тізгінің осы екі ұшы сияқты. Публицистика, кеше көсемсөз деп едік, бүгін замансөз деп қолдана бастадық, мен жазған замансөзден көркемдіктің иісі шығып тұратынын көп оқырманым айтып жүреді. Өзім де көркем әдебиеттің тілімен жазғанды ұнатамын. Басқалардың қалай қабылдайтынын білмеймін, сонда ғана өз жазғаным өзіме жақын болып тұрады. Тіпті менің журналистикаға келуімнің өзі әдебиетпен, көркем фильммен байланысты. Екіншіден, ауылдасым, көршім, жазушы Әнуар Әлімжанов шығармашылығының да ықпалы зор болды. Қолға түскен кітабының бірін де қалдырмай оқып өскен біз үшін ауылымыздан шыққан қаламгердің әр шығармасы қасиетті сөздей қабылданыпты. Еліктедік, «шіркін, осы ағамыздай болсақ» деп армандадық. Әнуар ағамыздың «Көгілдір таулар» деген романындағы Хамза деген жылқышының прототипі – менің әкем. Осылайша ол кісінің ізін басып біз де журналистикаға келіп қалдық. Кездейсоқ емес – негізі болды. Бір қызығы, біздің ауылдың үлкен кісілері, қарттары кекесіммен қыжыртып сөйлегенді жақсы көретін. Бірақ ол қыжырға таң-торыстық танытып, өкпелейтін де ешкім болмайтын. Езу тартып қана қоясын. Түу-туудан тартып, есте қоғ ескі заманның хикаяларын алыстан орағытып сөйлегенде, тамсанып отырасын. Терең еді. Осы тереңдіктен айырылып барамыз. Өкініштісі – осы.

– Оңіміңізге рахмет.

– Әңгімелескен Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»